

БҮГІНГІ ТАҢДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІ.

Дайындаған: *Бағдаулетқызы
Меруерт*

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев *«Болашақтың іргесін бірге қалаймыз»* атты жолдауында *«Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін»* деп атап өтті.

Мемлекетіміздің тілдік саясатының ең маңызды мақсаттарының бірі- ағылшын тілін ғаламдық экономикаға кірудің ең негізгі тілі ретінде дамыту жұмысын іске асыру.

Қазіргі заман талабы да күннен-күнге жоғары. Әр ұстаздың бүгінгі заман талабына сай білім беруі- кезек күттір-мейтін мәселе. Ұстаз үнемі оқып, ізденіп, өзіне бір жаңалық тауып отырғанда ғана ұстаз.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі- оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу»

«Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олқылықтың белгісі-бір әдісті болу, шеберліктің белгісі - түрлі әдісті болу. Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдану керек».

А. Байтұрсынов

Сыни тұрғыдан ойлау – бұл саналы мағынаны іздеу: өзінің көзқарасының қандайлық болуымен, басқалардың да пікірін ескеріп, қандай да объективті ойлау және қисыны бар өзіндік қате сенімінен бас тарта білу.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясындағы негізгі үш саты:

- Шақыру (7 минут)

- Іске асыру (ұғыну,
мәнін түсіну) (20-25
минут)

- Рефлексия (сананың
өзіне, өзінің психикалық
күйіне назар аударуы)

Ақпараттық технологияның жедел қарқынмен дамуына байланысты түрлерінің қызметі де өзгеруде. Орта білім беру жүйесін ақпараттандырудың мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты әлемдік ақпараттық кеңістікке ену. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін интернет желісіне қосылу және пайдалану қажет.

Қазір компьютерлер біздің өміріміздің барлық салаларына, оның ішінде білім беру салаларына да енді. Бұған дәлел 1997 жылғы 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің «Орта білім беру жүйесін ақпараттандыру» мемлекеттік бағдарламасы.

XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Тәуелсіз Қазақстан да сол ғасырға нық қадам басты. Ел өмірінің барлық саласы компьютерлендіре бастады. Ендігі кезекте еліміздің ертеңі болар бүгінгі жас ұрпақ компьютердің қыр-сырын терең меңгеруі тиіс.

Қазіргі кезде ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім беру саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Біз «ақпараттық жарылыс» дәуірінде өмір сүріп отырмыз. Ғылыми білім мен ақпарат көздерінің мөлшері тез өсуде.

Жалпы ағылшын тілін үйрену бастауыш сыныптан басталғаны жөн. Ғалымдарымыздың зерттеуінше , бала жас кезінде тілді қиналмай еркін меңгереді екен. Осы ретте Білім және Ғылым министрлігінің ағылшын тілін бастауыш сыныптан бастап үйретуге назар аударуы - дұрыс талап. Бүлдіршін жаста меңгерілген білімнің іргетасы берік, мықты болады деп ойлаймын.

Бүгінгі таңдағы ағылшын тілі пәнін мектепте сапалы түрде меңгертіп, практикада қолдана білуге үйретудің мәні зор. Егеменді еліміздің басқа өркениетті, мәдениетті елдердің қатарына жету үшін шәкірттеріміз ағылшын тілдерін, ана тілімен қатар білуі қажет. Бұл заман талабы. Әрбір қазақ азаматы өз тілімен қатар ағылшын тілін меңгерсе нұр үстіне нұр болар еді.



Назарларыңызға рахм